

ARTHUR

# Қайраткер

2017-02-23 10:02:07 admin

**Мәңгілік Елдің ұлы дәстүрі, рухы, өнері, тілі, ұлт санасы, көркем қазынасы Тәуелсіз Қазақстан жылдарында қайтадан түлеп, жаңарып жаңғыру үстінде екені мәлім. Бұл орайда Мемлекеттің бас шаһары – сайын дала Сарыарқаның салтанатты төріне орналасуы, еліміздің солтүстік өңіріне өзгеше жан бітіріп, өзегіне қан жүгіртіп, әлем қауымдастығына Астананың абыройы мен даңқы мейлінше танымал болуында дер едік. Республикамыздың алға аршындап басуында негізгі, басты шарттар жеткілікті. Олар: территория, әскер, тіл, Тәуелсіздік, ізгілік-даналық қағидаттары. Бұл тұста қадап айтатын басты мәселе – Астана руханияты, мемлекеттік тілдің өрісінің кеңейіп, өркен жаюы, ұлы тұлғалар ескерткіштерінің бой түзеуі мен есімдерінің көшелерге, даңғылдарға, мектеп-лицейлерге берілуі.**

Өз басым куәгер болғандықтан, мына бір жайттардың мән-жайын, қыр-сырын ортаға салсам деймін. Қазақтың қайсар қызы, қайраткері Оразкүл Асанғазы Астана қалалық Тілдерді дамыту басқармасының басшысы лауазымын атқарған жемісті жылдарында ел шамшырағындай, тілдің тағдырына, гүлденуіне жан аямай қызмет етті. Ұйымдастырды, діттеген мақсатына жұмылдырды, өз дегенін мойындатты. Көш бастаушылығын, көсемдік қабілет-қарымын, төтенше қайрат-жігерін танытты. Озат ойлы Оразкүл Асанғазының жалынды, берекелі істерін терең пайымдап ойлағанда қалайша айту керектігін ұлт ақыны Мұқағали Мақатаевтың мына бір керемет лебізі тіл жанашырының рухани болмысын дәл көрсеткендей:

Қайтер дейсің қара бастың толғағы,  
Тек жұртымыз күрсінбесе болғаны.  
Мейлі, сен көп тілді үйрен, қой демес ем,  
Бас и Байрон, Шекспир, Гейнеге сен.  
Бірақ жақсы көрем деп айта алмаймын,  
Егер ана тілінде сөйлемесең.  
Сөзге шешен болсаң да, ойға – көсем,  
Көрінсең де көз алмас бейнеде сен,  
Қызықпаймын, сүймеймін, сүйінбеймін,  
Егер Ана Тілінде сөйлемесең!

Мінеки, туған елдің тағдыры не болар деп қайғырған, патриоттық ойлармен тебіреніп толғанған, ұлт тілінің ту ұстаушысы Оразкүл Асанғазының ұстанымы, көзқарасы осы. Ол Астана қалалық Ономастика комиссиясының отырыстарын жүйелі ұйымдастырып, ел зиялылары Ә.Кекілбаев, М.Шаханов, Р.Нұрғали, М.Серғалиев, М.Жолдасбеков, Ф.Оңғарсынова, Н.Ораз, А.Сейдімбек, Д.Қамзабекұлы сынды білгірлермен тізе қоса, ақылдаса отырып, ұлт қаһарманы Абылай ханға, Хан Кенеге, Қошке Кемеңгерұлына, Жәнібек Тарханға, Әлихан Бөкейханға, Ахмет Байтұрсынұлына, Мағжан Жұмабаевқа көше атауларын беруге атсалысты. Сонымен қатар тұлғалар ескерткіштері қасында салтанатты жиын өткізу, жас ұрпаққа ізгілікті істерін насихаттау секілді жұмыстарға белсене қатысты. Атап айтар болсақ, ұлт зиялыларынан шыққан тұңғыш Кеңес Одағының Батыры, педагог-оқымысты М.Ғабдуллиннің ерлік өмір жайында әдеби көш, Ж.Жабаев пен қолбасшы Б.Момышұлы ескерткіштерінің алдында түрлі іс-шаралар ұйымдастыруға белсене араласты.

Ұлтжанды Оразкүл Асанғазының қайраткерлік тұлғасына, бекзат, таза болмысына өршіл қуат тән. Ол оттай лапылдап, қырандай сілкініп кесек сөйлейді. Тыңдаушыларын, сөйтіп, тебіrentіп толғандырады, ойландырады. Мүмкін бұл қасиет ұлы би, қолбасшы, дипломат Төле туған топырақтың әсері шығар. Иә, ол осыншама қыруар шаруаларды мұқият тындырып жүргенде күш-қуатты сап таза ауадан, жұпар иісті даладан, Алланың көзі – Күннің көзінен алатын шығар деп ойлайсың. Миы, санасы, зердесі, жүрегі, көңілі сапырылысқан идея, ой, толғаныс, кейде бұлар ішіне сыймай өз қызметкерлеріне таң сібірлеп атқанда телефон шалатын әдеті де бар. Өз ойына ортақтастырады, қызықтырады, жаңа істерге құлшындырады. Қай уақытта болмасын құмырсқаша қимылдап еңбектенеді. Бұл тумысынан дарыған машық. Сарыағашта әкім болып жүргенде сиыр сауып, құрт-ірімшік жасап, үй-ішін тап-тұйнақтай жинап, қоғамдық қызметіне зор құлшыныспен кіріседі екен.

Бірде «Қазақстан» спорт-кешенінде толқынды топтың алдында Еділдің қызыл желіндей жарқылдатып-толқындатып, саңқылдап сөйлеп тұрғанда оқыста көзіне найзаның ұшы қадалғандай жағдай болады. Жаны мұрнының ұшына келіп, өзін қоярға жер таппай безектейді. Дәрігерлерге көрсетеді, бірақ олар ілгешек таппайды, сау деп сарнайды. Үміт үзіліп, ең соңында мамандығы мал

дәрігері, көріпкел, халық емшісі Шығыстан келген Дулат дейтін 33-34 жастар шамасындағы жігітке барады. Ол Ақан серінің басына барып, құран оқытсаңыз, садақа берсеңіз, тәу етсеңіз, құлан-таза жазыласыз, – дейді. Дереву жолға өзірленеді. Бұл жағынан мен мүлде бейхабармын. Сонымен 2008 жылдың 5 қазан күні таңғы сағат 8-де Астананың ақсұңқары Оразкүл Асанғазы мен тұратын №4 Студенттер үйіне келді де, көлігіне отырғызып, Көкшетауға, Ақан серінің зиратына сапар шектік. Көлік жүргізушісі өзінің жұбайы Жомарт және тағы бір қара торы жігіт бар. Екеуін де бірінші рет көрдім. Біз ежелгі Абылай хан жолымен әрі Тәуелсіздік құдыретінің арқасында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолдап-қуаттауымен салынған автобанмен 2 сағаттың ішінде Көкшетауға жетіп, профессор Әліби Шапауовтың кең дастарқанынан дәм татып, келіміз Айжан мен жол көрсетушіні жанымызға алып, Ақан серінің бейітіне жеттік. Машинадан түстік. Қаққан қазықтай тіптік жүретін арыстан мінезді Оразкүліміз қалтырап-қалшылдап, берекесі қашып әбден үрейімізді ұшырды. Аят оқылды, сол мезетте Оразкүлдің өңіне қан жүгіріп, әуелгі қалпына оралып, ширеңа басып көлікке қарай адымдадық. Сөйтіп, Ақан серінің басында оқылған дұғаның, ниеттің шарапатының арқасында Оразкүлдің көзі шырадай жанып, үйіне оралды.

Неге Ақан серінің бейнесі, рухы Оразкүлді іздеді? Мұның құпиясы не? Ақан сері неге жалғызсырады? Көріпкел Дулат Оразкүлге Ақан серінің басына барып тағзым етіңіз деп неге айтты?

Жорамалдауымызша 2006 жылдың 30 сәуірінде Ақан сері туралы қос томдық роман жазған Сәкен сері Жүнісов кенеттен жарық дүниемен қош айтысты. Ақан серінің жыршысы фәниден бақиға көшкен соң, Ақан серіні елеген ешкім болған жоқ. Астананың асқақ сарайларында алуан тарих тарландарының, дәуір дауылпаздарының өмір тарихы мен өнернамасы хақында әдеби-музыкалық кештер дүркіреп өтіп жатты. Өзінің елеусіз, ескерусіз қалғандығын көріпкелге сездіргендей сезімтал, көреген Оразкүл Асанғазы дереву №54 мектеп-лицей директоры Ғалия Сыздықоваға Ақан серінің бай әдеби-музыкалық мұрасына арнап кеш өткізуді тапсырды. 2008 жылдың 7 желтоқсан күні «Сарыарқа» журналының Бас редакторы, ақын, публицист, зерттеуші Нұрғожа Ораз (1932-2016) қатысқан мектеп өнерпаздарының күшімен керемет кеш өткен-ді. Сал-серілердің саңлағы Ақан сері әндері шырқалды, трагедиялық өмірінен мәліметтер келтірілді. Қызықты ғашықтық сырлары шертілді.

Алашорда мемлекетінің құрылғанына 90 жыл толуына орай Астана қаласының мектептерінде, колледждерінде, жоғары оқу орындарында әдеби кештер өтті. Оразкүл Асанғазы алаштанушы - Дихан Қамзабекұлымен ақылдаса отырып, Гуманитарлық колледжде Бернияз Күлеевке арналған «Іңкәр көңіл» атты әдеби кеш және Еуразия гуманитарлық институтында ұлт қайраткері Хайретдин Болғанбаевқа бағышталған дөңгелек үстел өтті. «Алаш және мұратану» тақырыбында ғылыми семинар ұйымдастырылды.

Бірде мені кеңсесіне шақырып алып: «Маған ана тілім қымбат, академик Мырзатай Серғалиевтің 70 жылдығына арнап «Конгресс-Холлда» 2007 жылдың 23 сәуірінде әдеби кеш өткіземін, әдебиетші болсаңыз да, міндетті түрде баяндама жасайсыз» деді. О, ғажап-ай, «Конгресс-Холлдың» іші оқушы жастарға сыймай кеткені-ай!

О.Асанғазы ой-толғаныстарының алтын арқауы – ұлттық-рухани құндылықтар, озық салт-дәстүрлер, құдаласу рәсімі, дәстүрлі отбасы, ұрпақ тәрбиесі (ибалы қыз бен намысты ұл баулу), Мәңгілік Елдің Мәңгілік тілін іс қағаздарында қолдану мен дамыту, «қазақ баласын қазақ мектебінде оқыту – әрі намыс, әрі ұлт болашағын ойлау» және т.с.с.

Тұйғындық, турашылдық қасиеттерге ие, отаншылдық рухы жоғары Оразкүлдің берекелі іс-қимылдарының өзі эпопеяға лайық. Қоғам қайраткерінің мұраты – «Алаш зиялылары аңсаған мемлекеттің азаматтарымыз» деген өз сөзі – әманда алға жетелейді. Мысалға жүгінсек, 1997-2005 жылдарда Елорданың 149 көшесіне, 2006 жылы 113 көшеге, 2007 жылы 309 көшеге жаңа атау берілді. Сонымен қатар «Синема Сити» – «Самұрық», «Сити Маркет» – «Қазына», «Еуропа Палас» – «Ақ сұңқар» аталған-ды. Осынау шаралардың басында «Оян, қазақ!», «Тұр, қазақ», «Жатпа, Қазақ» деп жан ұшыртып жүрген, «Астана еліміздің рухани және мәдени келбеті» деп баршамыздың санамызға сәуле түсірген О.Асанғазы еді. Кейбіреулерін еске түсірер болсақ, «Бұқаралық ақпарат құралдары және тіл мәдениеті», «Ана тілім – ардағым», «Шешендік сөз – халық қазынасы», «Мемлекеттік тілім – менің тілім», «Ішкі істер органдарында Мемлекеттік тілдің ахуалы», «Астана қаласының соттарында мемлекеттік тілді іс жүргізуде қолдану мен дамытуды қамтамасыз ету шаралары» дейтін көкейкесті тақырыптарда іс-шараларды өткізді. «Кеңсе тілі қазақша болмай, іс оңбайды» деген Сәкен Сейфуллин сөзін қайта жандандырды. Ол Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Алаш арыстарының білім беру жүйесіндегі мақсат-мұраттары – «Сатылай кешенді оқыту» технологиясының өзегі» атты конференцияда: «ҚР мектептері мен балабақшалары тек қазақ тілінде болу дұрыс. Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқытамыз деген сандырақ?! Қазақстанда өсетін өсімдіктерді, жануарлар әлемін қазақ баласына ағылшын тілінде оқыту деген не

сұмдық?» деп мәлімдеді.

Оразкүл Асанғазының қайраткерлік болмысы, отаншылдығы, ұлтжандылығы әрбір сөйлеген сөзінен, атқарған ісінен байқалып тұратыны анық. Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай, «Алланың шын жаратқан тамашасы» Оразкүл Асанғазыға қарата айтылғандай.

**Серік НЕГИМОВ,  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымының  
докторы, профессор**